

**Шымкент қаласы білім басқармасының «Политехникалық колледжі»
педагогикалық кеңестің
ХАТТАМАСЫ №6**

2025 жыл 27 маусым

Шымкент қаласы

Өтілген орны: колледж АКТ залы

Өтілген уақыты: 17:00

Хатшысы: Д.Балабекова

Қатысқандар: Политехникалық колледж оқытушылары мен қызметкерлері

Күн тәртібінде:

№5 педагогикалық кеңесте қабылданған қаулылардың орындалуы туралы

1. 2024-2025 оқу жылында атқарылған тәрбие жұмыстарының қорытындысы.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Э.Садыкова

2. Ағымдағы жылдың оқу процесіндегі сынақ, емтихандар қорытындысы.

Оқу бөлімінің меңгерушісі У. Усенова

3. Аттестаттау комиссиясының II кезең отырысындағы өтініш білдірген оқытушылармен жұмыс атқару.

Әдістемелік кабинет меңгерушісі Д.Балабекова

4. 2024-2025 оқу жылының оқу жұмысын қорытындылау.

Педагогтың он имиджі – ғылыми-әдістемелік және инновациялық қызметті дамыту факторы.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары М.Арынбаев

5. Өндірістік практика – білім алушының кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру факторы ретінде

Директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары Д.Тұраров

6. Білім алушыларды келесі оқу курсына ауыстыру

Оқу бөлімінің меңгерушісі Б.А.Ешентаева

7. 2025-2026 оқу жылына алдын ала жүктеме

Оқу бөлімінің меңгерушісі Б.А.Ешентаева

Тыңдалды:

1. Қазіргі таңдағы тәрбие жұмысының өзекті мәселелері бойынша жүргізіліп жатқан шаралар өз жалғасын табуда.

2. Бітіруші түлектердің дипломдық жобаларды қорғауға дайындық жұмыстары және 2025–2026 оқу жылына үміткерлерді қабылдау жоспарына сәйкес кәсіби бағдар беру шаралары жүргізілді.

3. Колледж контингентін қалыптастыру мақсатындағы кәсіби бағдар беру жұмыстары жүйелі жүргізілді.

4. Оқу әдебиеттерімен қамтамасыз ету бойынша кітапхана қызметі жұмыс жасауда. Мемлекеттік тілдегі әдебиеттермен толықтыру жұмыстары жүргізілуде.

Күн тәртібінің келесі мәселесі бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Э. Садыкова сөз алды. Ол өз сөзінде 2024–2025 оқу жылында колледжде атқарылған тәрбие жұмыстарының қорытындысына тоқталды. Тәрбие жұмыстары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы және колледждің тәрбие жұмысы жоспарына сәйкес жүзеге асырылғанын атап өтті. Оқу жылы бойы "Тәуелсіздік және отаншылдық", "Еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік", "Әділдік пен жауапкершілік", "Бала құқығы – басты құндылық", "Бірлік және ынтымақ", "Заң және тәртіп" құндылықтарына негізделген айлықтар аясында түрлі мазмұндағы іс-шаралар ұйымдастырылды. Атап айтқанда, студенттер арасында азаматтық-патриоттық, рухани-адамгершілік, құқықтық, экологиялық тәрбие, сондай-ақ волонтерлік және салауатты өмір салтын насихаттау бағыттарында дөңгелек үстелдер, ашық тәрбие сағаттары, онлайн челленджер, эссе байқаулары, пікірталастар, ақпараттық кездесулер, флешмобтар, тренингтер, кураторлық сағаттар және акциялар өтті. Колледжде "Адал ұрпақ" және "Саналы ұрпақ" еріктілер клубтары белсенді жұмыс істеп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған арнайы іс-шаралар кешені іске асты. Оқу топтарында «Құндылықтарға негізделген тәрбие» жобасы енгізіліп, тәрбие процесінде отансүйгіштік, адамгершілік, еңбекке ынталандыру, жауапкершілік сияқты қасиеттерді дамытуға бағытталған жұмыстары ұйымдастырылды. Сонымен қатар, колледж студенттері қала көлемінде өткен мәдени-көпшілік, қоғамдық, спорттық іс-шараларға, зияткерлік байқауларға белсене қатысты. Жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында үйірмелер мен секциялар тұрақты жұмыс істеді. Студенттік өзін-өзі басқару кеңесінің бастамасымен волонтерлік жобалар, қайырымдылық акциялары мен жастар форумдары ұйымдастырылды. Білім алушылармен қатар, ата-аналармен кері байланыс орнату, әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсету, жатақханадағы тәрбиелік орта қалыптастыру, құқық бұзушылықтың алдын алу, киберқауіпсіздік және интернеттегі мәдениеттілік бойынша да жүйелі жұмыстар жүргізілгені атап өтілді. Атқарылған тәрбие жұмыстары білім алушылардың жеке тұлғалық дамуына оң ықпал етіп, олардың өмірлік ұстанымын, әлеуметпен байланысын және белсенді азаматтық позициясын қалыптастыруға бағытталғанын айтты. Алдағы оқу жылында тәрбие бағыты жаңа форматтағы жобалармен, серіктестік негізіндегі бастамалармен және жастардың әлеуетін дамытуға бағытталған жұмыстармен жалғасын табатынын айтып өз сөзін қорытындылады.

Күн тәртібінің келесі мәселесі бойынша оқу бөлімінің меңгерушісі У.Үсенова сөз алды. Ол 2024–2025 оқу жылының көктемгі семестріндегі сынақ және емтихан сессиясының қорытындысы бойынша баяндама жасады. Емтихан сессиясы оқу процесінің академиялық күнтізбесіне сәйкес жоспарлы түрде ұйымдастырылып, барлық мамандықтар мен курстар бойынша жүргізілгенін атап өтті. Емтихандар тестілеу форматында өткізілді. Білім алушылардың үлгерім көрсеткіштері мен академиялық жетістіктері пән оқытушылары тарапынан қойылған ағымдағы және аралық бақылау нәтижелерімен сәйкес келді. Сынақтар мен емтихандардың ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында колледжішілік бақылау тобы жұмыс істеді. Емтихан қорытындылары негізінде студенттердің оқу жетістіктері бойынша жалпы нәтиже оң деп бағаланды. Төмен үлгерім мен академиялық қарызы бар студенттермен жеке жұмыс жүргізіліп, қосымша кеңес беру, түзету курстары қарастырылды. Емтихан қорытындылары білім алушылардың оқу материалын меңгеру деңгейін көрсете отырып, оқу сапасын арттыруға бағытталған жұмыстар алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасын табатынын атап өтті.

Күн тәртібінің келесі мәселесі бойынша әдістемелік кабинет меңгерушісі Д.Балабекова сөз алды. Ол Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 2 сәуірдегі №72 бұйрығымен педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына енгізілген өзгерістерге тоқталып өтті. Атап айтқанда, бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес 2025 жылғы

1 қаңтардан бастап аттестаттау «Педагогтің үздіксіз кәсіби дамуының ұлттық платформасы» арқылы жүзеге асырылатынын, Платформа педагогтің құжаттарын әртүрлі дерекқорлармен біріктіріп, автоматтандырылған түрде қалыптастыратынын атап өтті. Бұдан былай «педагог-модератор» және «педагог-сарапшы» біліктілік санатына өту үшін құжаттар тікелей Платформа арқылы, ал «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» және басшылық лауазымдағы қызметкерлерге қатысты құжаттар – электрондық үкімет порталы (eGov) арқылы тапсырылады. Сонымен қатар, бұйрыққа сәйкес педагогтердің білімі Ұлттық тестілеу орталығы базасында ақпан–шілде айлары аралығында тек пәндік тестілеу арқылы бағаланады. Бұрын белгіленгендей, егер педагог өз біліктілік санатын растайтын болса және «зерттеуші» не «шебер» санатына ие болса – ПББ (педагогтердің біліктілігін бағалау) тапсырудан босатылады. Отырыс барысында аттестаттаудан өтетін педагогтердің құжаттары қаралып, қатысуы тексерілді. Аттестаттау комиссиясының төрағасы М.Арынбаев платформа арқылы жұмыс жүргізу алгоритмімен таныстырып, барлық педагогтерге әдістемелік қолдау көрсетілетінін атап өтті.

2024–2025 оқу жылында аттестаттаудан өтетін педагогтердің толық тізімі төмендегідей:

Педагог-зерттеуші санатын растаушылар (ПББ тапсырмайды):

1. Ешентаева Ботагөз Абдухакимовна
2. Ахметалиева Эльмира Исламбековна
3. Заурбекова Балзия Сайлауовна
4. Пехтерева Стелла Геннадьевна
5. Казбекова Гүлдархан Қуатбековна
6. Сейдалиева Үлмекен Әлібековна
7. Наушабаева Лайла Аманбековна
8. Маханова Зауре Өмірбекқызы
9. Балабекова Дана Амановна
10. Қазбек Дүйсенбайұлы Оңғарбаев

Педагог-зерттеушіге өтініш бергендер (ПББ тапсырады):

1. Кембаева Жаннұр Құралбаевна

Педагог-сарапшы санатына өтетіндер (ПББ тапсырады):

1. Тулепова Жансая
2. Кожатаева Жайнагүл
3. Тулепбергенова Роза Алтынбековна
4. Орынбасарова Толқынай Есенхалиқызы
5. Тасқынбаева Гүлназ
6. Тажбенова Жанар Орақбаевна
7. Тайшева Шарбану Тойшибековна
8. Битемирова Кәнипа Қалқаманқызы
9. Жайлауов Нұрболат
10. Еділбаева Эльмира
11. Амалбекова Раушан
12. Ахметова Акерке

Педагог-модератор санатына өтетіндер (ПББ тапсырады):

1. Сырабекова Гүлдана
2. Рысбекова Нұрсәуле
3. Шертай Аяулым
4. Орынбасар Мақпал
5. Баймаханова Асия
6. Бейсенәлі Ақтолқын

Портфолио тапсырмағандар:

– Бегжанов Әл-Фараби

– Узбеков Ергали

– Қодар Жасұлан

Басшылық құрам:

- Исаков Алихан Турлибекович – I санатты басшы
- Тұраров Дэниэль Күнтуғанұлы – I санатты басшы орынбасары

Біліктілік мерзімі ұзартылған педагогтер (2026 жылдың 31 тамызына дейін):

1. Амирбекова Нурайша Жораевна – зейнет жас
2. Ермекова Раушан Сматуллаевна – зейнет жас
(жоғарыда көрсетілген басқа педагогтер де бұйрықтың 9-тармағына сәйкес ПББ тапсырмайды)

Жалпы алғанда, 2024–2025 оқу жылында колледж бойынша 23 педагог Педагогтердің біліктілігін бағалау (ПББ) рәсіміне қатысады. Олардың қатарында арнайы пән оқытушылары, жалпы білім беретін пәндер оқытушылары, сондай-ақ басшылық құрам өкілдері бар. 9 педагог кезектен тыс аттестаттаудан өтеді. Бұйрықтың 9-тармағына сәйкес 11 педагог ПББ тапсырмайды, ал 3 педагог өз еркімен портфолио өткізуден бас тартты. Осыған байланысты педагогтерді аттестаттау процесі колледжде жүйелі түрде ұйымдастырылып, әдістемелік сүйемелдеу жалғасын табатын болады деп өз сөзін қорытындылады.

Күн тәртібінің келесі мәселесі бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары М.Арынбаев сөз алды. Ол өз сөзінде 2024–2025 оқу жылындағы оқу жұмысын қорытындылап, педагогтың кәсіби имиджінің ғылыми-әдістемелік және инновациялық қызметтегі маңызына тоқталды. Оқу жылы барысында білім беру үдерісі мемлекеттік стандарттар мен типтік оқу жоспарларына сай ұйымдастырылып, пәндік-циклдік комиссиялар арқылы оқу процесіне бақылау, сараптау және әдістемелік қолдау жұмыстары жүйелі жүргізілді. Студенттердің сабаққа қатысуы, оқу жетістіктерін бағалау, қорытынды аттестация және білім сапасын бақылау жұмыстары жоспарға сәйкес жүзеге асырылды. Цифрлық платформалар мен заманауи педагогикалық технологияларды қолдану оқыту сапасын арттыруға оң әсер етті. Сонымен қатар, педагогтың кәсіби бейнесіне тоқталып, қазіргі таңда мұғалімнің кәсіби құзыреттілігімен қатар, тұлғалық келбеті мен қоғамдық белсенділігі де маңызды екенін атап өтті. Осыған орай «Педагогтың он имиджі» ұстанымы оқу орнында әдістемелік және инновациялық қызметтің қозғаушы күші ретінде қарастырылып келеді. Аталған модель аясында оқытушылардың пәндік шеберлігі, жаңашылдыққа бейімділігі, цифрлық сауаттылығы, коммуникативтік мәдениеті, шығармашылық қабілеті мен кәсіби жауапкершілігі басты назарда болды.

Колледж педагогтары оқу жылы ішінде әдістемелік апталықтарға, кәсіби біліктілікті арттыру курстарына, шеберлік сабақтарына, семинар-практикумдарға, авторлық бағдарламалар мен инновациялық жобаларға белсенді қатысып, шығармашылықпен жұмыс жүргізді. Ашық сабақтар, онлайн курстар мен цифрлық контент әзірлеу арқылы заманауи білім беру талаптарына бейімделген тәжірибелер қалыптасты. Оқу жылының қорытындысы оң нәтиже көрсеткенін айтып, келесі оқу жылында да сапалы білім беру мен педагогтардың кәсіби дамуын қамтамасыз ету мақсатында жаңа бастамалар мен инновациялық әдістер жалғасын табатынын атап өтті.

Күн тәртібінің келесі мәселесі бойынша директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары Д.Тұраров сөз алды. Ол өз сөзінде техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде өндірістік практиканың маңызы артып келе жатқанын, бұл кезең білім алушылардың теориялық білімін практикада бекітіп, кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталғанын атап өтті. Өндірістік практика оқу үдерісінің ажырамас бөлігі ретінде білім алушылардың мамандыққа бейімделуіне, нақты еңбек жағдайымен танысуына және кәсіби ортада жұмыс істеу дағдыларын меңгеруіне мүмкіндік береді.

Практика барысында білім алушылар өндірістік тәртіп, еңбек қауіпсіздігі, кәсіби этика және өндірістік мәдениетпен танысып, кәсіби жауапкершілік пен еңбекке деген көзқарастарын

қалыптастырады. Сонымен қатар, тәжірибе кезінде студенттер болашақ жұмыс орнын алдын ала анықтап, ұжыммен жұмыс істеу, нақты міндеттерді орындау арқылы практикалық дағдыларын шыңдайды. Білім беру ұйымдары мен өндірістік мекемелер арасындағы серіктестік, дуалды оқыту элементтерін енгізу — өндірістік практиканы тиімді ұйымдастырудың және сапалы маман дайындаудың негізгі тетіктерінің бірі ретінде қарастырылатыны айтып, өндірістік практиканы ұйымдастыру мен өткізу жұмыстары алдағы уақытта да еңбек нарығы талаптарына сай, бәсекеге қабілетті мамандар даярлауға бағытталатынын атап өтті.

Күн тәртібінің келесі мәселесі бойынша оқу бөлімінің меңгерушісі Б.А.Ешентаева сөз алды. Ол 2024–2025 оқу жылының қорытындысы бойынша білім алушыларды келесі оқу курсына көшіру тәртібі және нәтижелеріне тоқталды. Сонымен қатар колледжде білім алушыларды келесі курсқа ауыстыру жұмыстары оқу жоспарына, академиялық күнтізбеге және үлгерім қорытындыларына сәйкес жүргізілгенін атап өтті. Оқу жылының соңындағы қорытынды бақылаулардың нәтижесі бойынша студенттердің үлгерімі мен сабаққа қатысу көрсеткіштері сарапталып, шешімдер қабылданды. Курсаралық көшіру кезінде академиялық берешегі жоқ, үлгерімі қанағаттанарлық және одан жоғары деңгейдегі білім алушылар келесі курсқа ауыстырылды. Ал үлгерімі төмен, емтиханнан «қанағаттанарлықсыз» баға алған немесе академиялық қарызы бар студенттерге жазғы қосымша оқыту (ремедиалдық курс), қайта тапсыру мүмкіндігі ұсынылғаны айтылды. Сондай-ақ, кейбір білім алушылардың жеке себептермен (денсаулығына байланысты, академиялық демалыс, жұмыспен қамтылуы т.б.) оқуын тоқтатып, келесі курсқа шартты түрде не басқа мерзімде ауысатыны баяндалды. Білім алушыларды келесі курсқа көшіру процесі әділ, нақты, оқу жетістіктеріне негізделіп жүргізілгенін және білім сапасын арттыру мақсатындағы жұмыстар алдағы уақытта жалғасын табатынын атап өз сөзін қорытындылады.

Күн тәртібінің келесі мәселесі бойынша оқу бөлімінің меңгерушісі Б.А.Ешентаева сөз алды. Ол 2025–2026 оқу жылына арналған оқытушылардың алдын ала оқу жүктемесіне тоқталып өтті. Жаңа оқу жылына арналған жүктемені бөлу жұмыстары білім беру бағдарламалары, типтік оқу жоспарлары және мамандықтар бойынша қабылданатын топтардың болжамды саны негізінде жүргізілгенін атап өтті. Алдын ала жасалған жүктеме оқытушылардың педагогикалық жүктемесін, оқу сағаттарының көлемін, пәндердің бөлінуін, зертханалық, тәжірибелік сабақтардың арақатынасын ескере отырып жоспарланған. Жүктеме жобасын әзірлеу кезінде нормативтік құжаттар, штаттық кесте, оқытушылардың біліктілік санаты мен пәндік бейіндері, сондай-ақ әдістемелік бірлестіктердің ұсыныстары басшылыққа алынған. Сонымен қатар, штаттық бірліктерді оңтайлы пайдалану және оқу процесінің тиімділігін арттыру мақсатында кейбір пәндер бойынша біріктіру, цикл ішіндегі бөліністерді қайта қарау жұмыстары жүргізілген. Сөз соңында Б.А.Ешентаева жүктеме жобасы жаңа оқу жылының нақты қабылдау көрсеткіштері мен топтардың құрылуына байланысты нақтыланып, оқу жылы басталғанға дейін толық бекітілетінін атап өтті.

Педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. 2024–2025 оқу жылында атқарылған тәрбие жұмыстарының қорытындысы жалғасын тапсын.
2. Ағымдағы оқу жылындағы сынақ және емтихан сессиясының қорытындысы негізінде білім сапасын арттыруға бағытталған жұмыстар жалғастырылсын.

уактылы кабылдайды. Кітапхана қоры «Альманах», «Атамұра», ИП «Жаматова», «Көкжиек», «Лантер Books», «Фолиант», «Адалкітап», «Мектеп», «ЭСПИ» секілді баспалар арқылы толықтырылады. 2023–2024 оқу жылында колледж кітапханасына 1231 дана кітап алынды, оның ішінде 720 данасы – мемлекеттік тілде. Анығырақ айтқанда: 1048 дана оқулық, 168 дана көркем әдебиет, 15 дана оқу-әдістемелік құрал алынып, қор жаңартылды. 2025 жылға арналған кітап сатып алу ағымдағы жылдың шілде–тамыз айларына жоспарланған. Жоспар бойынша жалпы 435 дана кітап алу көзделуде, оның ішінде 85 дана – мемлекеттік тілдегі әдебиеттер. Сөз соңында кітапхана қорының заман талабына сай жаңартылып отыруы – білім сапасын арттырудың маңызды тетіктерінің бірі екені атап өтілді.

Педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. Қазіргі таңдағы тәрбие жұмысының өзекті мәселелері бойынша жүргізіліп жатқан шаралар жалғасын тапсын.
2. Бітіруші түлектердің дипломдық жобаларды қорғауға дайындық жұмыстары және 2025–2026 оқу жылына үміткерлерді қабылдау жоспарына сәйкес кәсіби бағдар беру шаралары жалғасын тапсын.
3. Колледж контингентін қалыптастыру мақсатындағы кәсіби бағдар беру жұмыстары жүйелі жүргізілсін.
4. Оқу әдебиеттерімен қамтамасыз ету бойынша кітапхана қызметі жалғассын. Мемлекеттік тілдегі әдебиеттермен толықтыру жұмыстары назарда ұсталсын.

Педагогикалық кеңесінің төрағасы



А.Искаков

Педагогикалық кеңесінің хатшысы

Д.Балабекова